

цент қиын
еріндісі
ірекшелігі
езді FeCl₃
ғарыңызды
алер.
ияларының
әріптестік
ну арқылы
ы, сонымен
білеті арта

0-215
ірес. №7.2007.

Қ РӨЛІ

ін оқытудың
Шетел тілін
імді әдістері
е бұл әдісті
да жоқ емес.
тілін үйрету
ушінің тілдік
қалып білімін
көрсетіп қана
іекке келетін
іамыз. Осыған
н шетел тілін
іді екінші тіл.
Ана тілі мен
ін арасындағы
ды. Жоғарыда
ы тілдік білім
ыз. Қазақ тілді

у нәтижесінде
етін қателер: а)
тыныс белгісі
етін қателер; г)
кеткен қателер.
де жоқ немесе
ебейін анықтау
ікәйміз, ал бұл

жұмыс түрі өз кезде оқытушыға қандай тілдік құрылымдарды таныстырғанда көбірек немесе аз ырақ уақыт жұмыс жасау, қандай жаттығулар жасау арқылы жаңа материалды бекіту керектігі анықтауға көмектеседі. Осындай жұмыстардың нәтижесінде шетел тілін оқытуда уақытты тиімді ұтымды пайдалануға болады. Осы аталған қателермен қатар сөз жұмсалымы да кездесетін қиындықтарға байланысты жіберілетін қателерге де көңіл бөлуге тура келеді. Тіл үйренушінің шетел тілін үйренуде жіберетін тілдік қателеріне талдау жасамас бұрын қатенің табиғаты мен түсінігі назар аударған жөн. Мысалы, ересек тіл үйренушілер өз ана тілінде де тілдік қате жіберуі мүмкін және ол қателерді жиі кездесетін немесе кездейсоқ қателер деп қарастыруға болады. Мұндай қателердің себебі адамның есте сақтау қабілетіне, физикалық жағдайларға, мысалы, шаршау, психологиялық жағдайына, эмоциялық көңіл күйіне байланысты болады. Сондықтан да мұндай қателер ана тілімізді жақсы білетіндігімізге күмән келтірмейді. Өйткені біз өз ана тілімізде қалай қалай қандай жағдайда кеткен қателерді ешкімнің көмегісіз ақ өзіміз жөндей аламыз. Ал шетел тілін үйренгеннен де сыртқы және ішкі жағдайларға байланысты тілдік қателер жіберілетін анық. Сондықтан шетел тілінде сөйлеуде немесе жазба түрде жіберілетін тілдік қателердің жоғары аталғандай кездейсоқ немесе жиі кездесетін, яғни шетел тілінен білім деңгейін көрсететін қателер деп қарастыруға болады. Шетел тілін үйренуде тіл үйренушінің қандай қателігі мен қателіктерін анықтау негізгі мәселе және оны анықтау, талдау, зерттеу жай ғана қателік табиғатына бағалаумен шектелуден әлде қайда күрделірек және шетел тілін оқытуда да маңызды болып табылады. Жоғарыда атап өткендей, шетел тілін үйренушінің тілдік қателеріне талдау жасауды шетел тілін оқытуда әдістемелік тұрғыда көмекті көп. Атап айтқанда, тіл үйренушінің тілдік үйренуде қандай жетістікке жетті, білім деңгейі қандай, нені меңгерді, нені меңгермегенін үйрету керек деген сияқты оқыту барысын анықтап отыруға бағдар береді. Сонымен бірге жіберетін тілді қалай үйреніп жатқандығы, яғни шетел тілінің құрылымын қалай меніп отырғандығы, оған оңай қабылдатын тілдік құбылыстар, шетел тілін үйренуде қандай стратегия мен әдістерді пайдаланатынын анықтауға септігін тигізеді. Ал тіл үйренуші үшін шетел тілін үйрету барысында тілдік қате жіберу табиғи нәрсе деп түсініп, ол қателерге талдау жасап отыру маңызды түрде қажет. Тіл үйренушінің тілдік қателері кей жағдайда оқытушының қателігі және анықталмағандығына тәуелді түрде жаттығудың жеткіліксіз болуына да болуы мүмкін. Сондықтан да оқытушы тіл үйренушінің тіл үйренуде жіберетін қателіктеріне талдау жасағанда тек біржақты емес, яғни тіл үйренушінің емес, оқытушының өзіне де сыни тұрғыда қарап, шетел тілін оқытуда дұрыс емес тұрғыда қандай оқыту жақтары болды деген сияқты қатенің нақты себебін анықтап анығып отыру керек. Мысалы белгілі бір материалға қатысты топтағы барлық студенттер қате жіберсе онда қатені қайталанса, демек оның себебін оқу материалын тіл үйренушінің дұрыс түсінбеуінен немесе тілдік жұмысының аздығынан іздестіру керек. Демек бұл жерде қатенің себебін тіл үйренушінің көңіліне деп емес, оқытушының өзінің шетел тілін үйретуде сол тілдік материалға көп назар аударып, оқу жұмысының аз болғандығының нәтижесі деп білуге тура келеді. Тілдік қатені талдау жасап оқытушы материалға қайта оралып, тіл үйренуші оны жақсы меңгергеніне көз жеткізіп, бірқатар қиын жұмыстарын атқаруға тура келеді. Шетел тілін үйренуде әртүрлі тілдік қате жіберу жиі кездесетін анық. Тіл үйренуші басқа тілдің табиғатын, ерекшелігін әбден түсініп, оны жақсы меңгергеннен кейін жіберуі мүмкін нәрсе. Сондықтан шетел тілін үйрену барысында жіберілетін тілдік қателерді талдау, талдау, табиғатын, себебін дұрыс анықтап отыру оқытушы үшін де, тіл үйренуші үшін де маңызды нәрсе болып табылады. Күнделікті практикалық жұмыс барысында көзіміз жеткеннен кейін тіл үйренушілерге тән жіберілетін қателердің дерлік көпшілігі олардың өзінің ана тілі мен үйренуші шетел тілінің арасындағы тілдік жүйе мен структуралық айырмашылықтарға байланысты болып келеді. Сондықтан жаттығу жұмысын, бақылау жұмысын жүргізгенде осы тілдік айырмашылықтарды көбірек еске алынаса, тіл үйренушілер де сол шетел тілінің өздеріне қиындау туғызатын тұстарына назар аударары және олардың есінде сақталып қалады, нәтижесінде екі тілдің структуралық жүйесінің арасындағы айырмашылықтан туындайтын қателерді болдырмауға тырысады. Жоғарыда атап өткендей, шетел тілін үйренуде кететін тілдік қателер ана тілінде үйреніп, қалыптасқан тілдік заңдылықтар мен формаларды шетел тілінің құрылысымен шатастырып қалдырмау нәтижесінде болатындығымен қатар қатенің басқа да түрлі себебтері болуы мүмкін. Жалпы шетел тілін үйренуде жіберілетін қателерді табиғатына қарай бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады. Осы мақала аясында біз тек қана қатенің талдау жұмысының шетел тілін оқытуда, сонымен қатар үйренуде маңызды екенін түсінумен шектелуге тура келеді. Жалпы шетел тілін үйренушілер өз ана тілінде оның тілдік заңдылықтары мен структураларын, грамматикалық категорияларын шетел тілін үйренуге пайдаланады. Оның екі тілге қатысты тәжірибе және кездері болатын жақтары да және сол. Сондықтан да , ана тілін және шетел тілін үйренуде олардың тілдік қателерін тіл үйренушілері

болатын құбылыс ретінде емес, керісінше олардың шетел тілін үйрену стратегиясы деп қарала кәжет. Көпшілік ғалымдар мойындағандай, шетел тілінің оқытушылары тіл үйренушілерге шетел тілін үйренуге жағдай жасайды. Ал шетел тілін үйренуге қолайлы жағдай туғызу, жасау оның тіл қандай жолмен үйренгендігін және осы шетел тілін үйренгенге дейін онда қандай тілді структуралар қалыптасқандығын жақсы білгенде ғана оларға шетел тілін үйренуге қолайлы жағдай жасай алады. Демек, оқытушы тіл үйренушінің шетел тілін үйренуі керек, неіні үйренуі керек, қашан үйренуі керек деген талап қоймас бұрын оның шетел тілін үйренуге қызығушылығы мен қажеттігін анықтап алу қажет. Тіл үйренушінің шетел тілін үйренуде жіберетін тілдік қателері мен оларды жөндеу, талдау мәселесіне келсек, шетел тілін оқыту жөнінде көпшілігі екі тілді әдіскерлер оқытушылардың еңбектерінде қарастырылады. Ал шындығында шетел тілін оқытуда оқытушыға бір мәселеге мән беруге тура келетін жағдайлар аз емес. Шетел тілі пәнінің оқытушысы тіл үйренушілердің шетел тілін үйренуде кездесетін тілдік қателерге талдау жасау, себептерін түсіну қалам жасағанда олардың түпкі себептерін анықтағанда сол қателерді болдырмаудың дұрыс жолы табылады. Шетел тілін оқытудағы тәжірибелі оқытушының пайдаланатын тиімді тәсілдерінің бірі тіл үйренушінің шетел тілін үйренуде тап болатын қиындықтарын алдын ала анықтау, мүмкіндігінше оларды болдырмау жолдарын іздестіру, қарастыру болып табылады. Жоғарыда атап айтқандай, екі тілді меңгерген, тәжірибелі оқытушы шетел тілінің қандай структуралары тіл үйренушіге қиындық туғызатынын біледі және осының нәтижесінде оқу бағдарламасын құрастыру, оқу материалдарын іріктеуде сол мәселелерге назар аударып, басшылыққа алынады. Әрине, жалпы шетел тілін оқытудың бір тәсілі ретінде тіл үйренушінің шетел тілін үйренуде жіберетін қателеріне қатысты түрлі пікір қалыптасқан. Біріншісі, тіл үйренушінің жіберетін қателерді алдыңғы орына қойып қарастырмайды. Тіл үйренушінің шетел тілін үйренудегі жіберетін тілдік қателерін шетел тілін оқытушының кемшілігі ретінде қарастырады. Ал екінші бағыттағы әдіскерлер оқытушының шетел тілін оқытуға бар күш жігерін салғанмен, тіл үйренуде тілдік қателер жіберу қалыты жағдай санайды және біздің шетел тілін оқыту шеберлігіміз, тәжірибеміз сол жіберілген қателерді қарастыруға қатысты әдістерге басты назар аударуды ұсынады. Осы аталған екі көзқарастың біреуі бір-біріне жоққа шығаратын әдістемелер емес және олардың біреуі де әдіскерлер мойындайды. Жалпы шетел тілін оқытудың әдістері де уақыт өткен сайын кез келген дамып отыратын құбылыс ретінде өзгеріп, жетіліп отырады. Бір кездері алдыңғы қатарлы, көп қолданылатын әдістер уақыт өте келе жана әдістермен ауыстырылып отырады. Сондай - ақ соңғы кезде шетел тілін оқыту тұрғысына емес, шетел тілін үйрену тұрғысынан қарастырылуға ойысып отырғанын да көреміз. Бірақ ғалымдар ана тілін үйрену мен шетел тілін үйренудің арасындағы айырмашылыққа да көңіл бөлеміз. Ересектер шетел тілін үйренуге саналы түрде және жалпы тіл жөнінде және оның формалары мен структурасы жайында өзінің ана тілі арқылы жақсы біледі және солай қабылдайды. Сондықтан ересектерге шетел тілін оқытуда кездесетін қиындықтардың негізгі себебін де осы қалыптасқан түсініктерден іздеуге болады. Қатерге талдау жасау жұмысын шетел тілін оқытудың барлық деңгейінде, барлық сатысында қолдануға болады. Мысалы, шетел тілін жаңадан үйренушінің жүргізілген фонетикалық бақылау жұмысының нәтижесінде талдау жасағанда жіберілген тілдік қателердің көпшілік пайызы осы екі тілдің фонетикасының, атап айтқанда, дыбыстық жүйесі арасындағы айырмашылықтармен байланысты кететін қателер, яғни екі дауыстының қатар келуі (meat, meat), екі дауысыздың қатар келіп, бір дыбыс болып оқылуы (this, chat) немесе дауысыз қатар келіп, оның біреуінің түсіп қалып, оқылмауы (know, which), сондай - ақ оқылуда дауысыз дыбыс қатар келгенде де олардың біреуі оқылмай кетуі (often, castle), бір дауысыздың алдында екінші бір дауысыздың оқылуының өзгеруі (drink) сияқты тікелей ана тілі мен шетел тілі дыбыстық айырмашылықтарына қатысты жиі кездесетін қателер. Осындай мысалдарды тілдік құрамдас бөлігінен, яғни фонетикасы мен қатар морфологиялық формалар, синтаксис құрылымдардан да көлтеп келтіруге болады. Қорыта айтқанда, қатерге талдау жасау шетел тілін оқытатын оқытушыға тіл үйренуші тап болатын қиындықтарды алдын ала болжауға, осыған орай бағдарламасын, оқу материалын, жаттығу жұмыстарын әдістемелік тұрғыда дұрыс, тиімді құрастыруға, іріктеуге көмектессе, тіл үйренушіге өз ана тілінде кездеспейтін, жаңа формалар, конструкцияларға көңіл бөліп, есте сақтауға көмектеседі.

1. Lambert W.A. "Some observations on first language acquisitions and second language learning." Mimeograph, 1966.
2. Carroll, J.B. The study of language teaching. Cambridge, Mass.: Harvard University Press, 1980, the Northeast
3. Carroll, J.B. research in foreign language teaching. Report on conference on the teaching of foreign languages 1970.
4. Jerrold Frank. The role of assessment in language teaching. English teaching Forum. Volume 50, #3, 2012